

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ  
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ  
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ»

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



**№ 4(20) қазан-желтоқсан 2019**  
**ISSN 2710-3994**

**Бас редактор:**  
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

**Редакциялық алқа:**

- Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)*
- Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)*
- Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)*
- Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)*
- Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)*
- Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)*
- Голден Кэтті Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)*
- Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)*
- Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)*
- Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)*
- Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)*
- Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)*
- Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қытшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)*
- Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)*
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*
- Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)*
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)*
- Римантас Желвис (Želvyys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)*
- Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)*
- Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)*
- Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*
- Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)*
- Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)*

**Жауапты редактор:**  
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

**Ғылыми редактор:**  
Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

**Редактор:**  
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

**Жауапты хатшы:**  
Қоңқабаева Арайлым

**Техникалық хатшы:**  
Хумарзах Алтынбек

**Главный редактор:**  
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

**Редакционная коллегия:**

- Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)*
- Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)*
- Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)*
- Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)*
- Абиля Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*
- Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*
- Голден Кэтти Стромиле (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)*
- Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*
- Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
- Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)*
- Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)*
- Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)*
- Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)*
- Кумеков Болат Ешимхамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
- Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)*
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)*
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Годаньска (Польша)*
- Римантас Желвис (Želvyys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)*
- Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)*
- Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
- Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
- Таймагамбетов Жакен Кожажметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)*

**Ответственный редактор:**  
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

**Научный редактор:**  
Козыбаева Махаббат Маликовна

**Редактор:**  
Кубеев Рустем Джаулыбайулы

**Ответственный секретарь:**  
Конкабаева Арайлым Нурболатовна

**Технический секретарь:**  
Хумарзах Алтынбек

**Editor-In-Chief:**

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

**Members of editorial board:**

*Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)*  
*Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)*

*Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

*Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)*

*Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Ayagan Burkhitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)*

*Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)*

*Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)*

*Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)*

*Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)*

*Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Matyghanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)*

*Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)*

*Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)*

*Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)*

*Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)*

*Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

**Executive Editor:**

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

**Scientific Editor:**

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

**Editor:**

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

**Executive Secretary**

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

**Technical secretary:**

Khumarzak Altynbek

ӘОЖ 94 (574)

## ГУРЬЕВ-ҚАНДЫАҒАШ ТЕМІР ЖОЛЫНЫҢ САЛЫНУ ТАРИХЫ

**Мұхитов Қ.**

т.ғ.к., Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің доценті.  
Атырау қ. Қазақстан.

**Аңдатпа.** Бұл мақалада Ембі ауданының дамуына үлкен септігін тигізген Гурьев-Қандыағаш темір жолының салыну тарихы айтылады. Сонымен қоса, ғылыми деректерге сүйене отырып, осы құрылысқа бөлінген қаржы, құрылыс жұмысының барысы, жұмысшылардың еңбектегі ерлігі кеңінен баяндалады.

**Түйін сөздер:** Орынбор-Ташкент, Гурьев, Гурьев-Қандыағаш, Ембі мұнайлы ауданы, темір жол құрылысы

## ИСТОРИЯ СТРОИТЕЛЬСТВА ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГИ ГУРЬЕВ-КАНДАГАЧ

**Мухитов К.**

Атырауский университет нефти и газа им. Сафи Утебаева, доцент, кандидат исторических наук, г. Атырау, Казахстан.

**Аннотация.** В данной статье раскрывается история строительства железной дороги Гурьев-Кандагаш, которая оказала большое влияние на развитие Эмбинского района. Кроме того, на основе научных данных широко освещаются средства, выделенные на строительство, ход строительных работ, трудовые подвиги работников.

**Ключевые слова:** строительство железнодорожной линии, Гурьев-Кандагач, Оренбург-Ташкент, Гурьев, Эмбинский нефтеносный район.

## THE HISTORY OF THE RAILWAY GURYEV-KANDAGASH CONSTRUCTION

**Mukhitov K.**

Safi Utebayev Atyrau University of Oil and Gas, candidate of Historical Sciences, Associate Professor. Atyrau, Kazakhstan

**Abstract.** This article reveals the history of the construction of the Guryev-Kandyagash railway, which had a great influence on the development of the EMBI district. In addition, on the basis of research data, the funds allocated for construction, the progress of construction works, and the labor exploits of workers are widely covered.

**Keywords:** construction of the railway line, Guryev-Kandagach, Orenburg-Tashkent, Guryev, Embinsky oil-bearing district.

### Кіріспе

Бұл мақалада 30-шы жылдардың соңында салынған Гурьев-Қандыағаш темір жолының тарихы айтылады. Ембі ауданынан өндірілген мұнай Каспий теңізі арқылы Еділ өзенінің солтүстік жағасында орналасқан зауыттарға тасмалданатын еді. Бұл тасымал жолы тиімсіз болды.

Осыған орай Ембі мұнайын орталыққа жеткізу үшін темір жол салу қолға алынды. Бірнеше нұсқалар талқыланған соң соңында осы Гурьев-Қандыағаш темір жолын салуды жөн деп тапты. Бұл темір жол құрылысы үш жылға жуық уақыт ішінде салынды. Сөйтіп, Қазақстанның батыс аудандарын орталықпен байланыстыратын маңызды артериясына айналды. Соғысқа дейінгі жылдарда Қазақстан темір жол құрылысы Одақ бойынша бірінші орынға ие болды. Кейін, Ұлы Отан соғысы жылдарында Гурьев-Қандыағаш темір жолы Ембінің мұнайы мен Бакудан тасымалданып келген мұнай өнімдерін соғысып жатқан қызыл әскерге жеткізуде маңызды роль атқарды.

### **Талқылау**

Гурьев-Қандыағаш темір жолы кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында салына бастаған Александров-Гай темір жолының ізбасары болатын. Дегенмен, отызыншы жылдардың екінші жартысында Ембі мұнайын орталыққа қалай жеткіземіз деген кезде В. Лениннің ұсынған бұрынғы бағытының орнына шығысқа бағытталған жаңа бағытты таңдап алды. Бұл өте орынды болды. Гурьев-Қандыағаш темір жолы Ембі ауданының болашақта дамуына зор үлес қосқанын атап өтуге болады. Бұл тақырып негізінен толық зерттелмеген. Ғалым Х. Табылдиевтің, И.М. Губкиннің, Я.В. Лаврентьевтің және Балғымбаевтың монографиялық еңбектерінде жалпылама қарастырылып, оның жұмысы мен маңызына тоқталған болатын.

### **Нәтижесі**

Гурьев-Қандыағаш темір жолы тек қана Ембі мұнайлы ауданының дамуына септігін тигізіп қойған жоқ, сонымен қатар республикамыздың батыс өңірінде орналасқан көптеген жерасты байлықтың игерілуіне оң әсерін тигізді. Сөйтіп, Батыс Қазақстан аудандарында өндірілген борат, хром сияқты пайдалы қазбаларды тасымалдауға, Каспий теңізінен ауланған балық өнімдерін еліміздің шығыс аудандарына жеткізуге көп пайда келтірді. Бұл жол бүгінде пайдаланылуда және оның болашағы зор деп білеміз.

### **Негізгі бөлім**

Қазақстан табиғи ресурстарға бай республика еді. Мұнда көмір мен мұнайдың, металл мен полиметаллдың мол кендері бар болатын. Осымен қоса егістікке жарамды жерлер көп болды. Өткен ғасырдың жиырмамыншы-отызыншы жылдары бүкіл елде кеңінен етек алған өндірістік модернизациялау үрдісі бұл өлкені толық меңгере алмады. Оған басты себеп орталықпен байланыстыратын көлік қатынасының болмауы еді. Бұл кезде Қазақстанда 2 985 мың текше шақырым жерде небәрі 3 750 шақырым темір жол желісі ғана болатын. Яғни, мың шақырымға 3,16 шақырым ғана көлік қатынасы жолы келді. Көлік қатынасының нашарлығы мұнайлы Ембі ауданының дамуына да көп кесірін тигізді. Бұл жерде өндірілген мұнай алдымен Каспий теңізі арқылы Астрахань қаласына немесе автокөлік арқылы Орал қаласына тасылатын. Одан әрі Ресейдің мұнай айыратын зауыттарына жеткізіліп жүрді. Мұның қолайсыз жерлері көп болды. Теңізбен мұнай тасу әдісі маусымдық сипат алды. Қыс айларында Каспий теңізінің жағасы қатып қалатын еді. Ол кезде мұнай тасымалдау ісі мүлдем тоқтап қалды. 1932 жылы Каспий теңізінің жағасының қатып қалуы себепті Ембі мұнай кәсіпшіліктеріне жіберілген 2 000 тонна жүк Ракуша теңіз айлағына келмеді. Соншама жүк Астраханда қалып қойды (Народное хозяйство Казахстана. 1934, №1, с. 31). Ал автокөлікпен мұнай тасымалдау ісі мардымсыз жүрді. 30-шы жылдары қолданыста жүрген «ГАЗ АА» автокөлігі небәрі 1,5 тонна мұнай тасымалдай алатын еді. Кәсіпшіліктерге керекті құрал-жабдықтар мен мұнайшыларға қажетті азық-түлікті көпшілік жағдайда Атырау (бұрынғы Гурьев) қаласынан түйе көлігі арқылы тасып жүрді. 90 шақырым жерде орналасқан Доссор кәсіпшілігіне бір затты жеткізу үшін кемінде екі күн уақыт кететін.

Кәсіпшілікке бөлінген қаржының 60%-ы жүк тасымалына жұмсалатын болды (Социалистическое становление нефтяной Эмбы. с. 259). Көлік қатынасының дұрыс жолға қойылмауы өндірілген мұнайдың өзіндік құнын өсіріп жіберді. Сол кезде Гурьев уезінде жарық көрген «Рабочая правда» газетінде «...бір шелек судың бағасы 8-10 тиынға жетіп, бір пұт мұнай мен бір пұт судың бағасы екі есе қымбатқа түсіп тұр» деп жазған болатын. 1923-1924 жылдары қаладан кәсіпшіліктерге жеткізілінетін судың құны 100 мың сом болса, жүк пен адам тасу ісі 239 600 сомға жеткен екен (Табылдиев Х.Б. 98-б.).

Осыған орай, Ембі ауданын дамыту үшін алдымен темір жол салу қажет болды. Бұл мәселені жергілікті басшылар бұрын-соңды көтеріп жүрген болатын. Мысалы, 1921 жылы Орынбор қаласында өткен Қазақ облыстық РКП (б) 1-ші конференциясында «Ембі-Жұрын темір жол» желісін салу мәселесі қаралды. Онда Ембі ауданын Ақтөбе облысында орналасқан Жұрын елді-мекені арқылы Орынбор-Ташкент темір жол желісімен қосу ісі талқыланған болатын. Көп кешікпей, 1921 жылы 16-18 тамызда, Орал-Ембі ауданының кәсіподақтар конференциясы өтті. Конференция аяқталған соң шаруашылық басшылары өзара кеңес өткізіп, онда Гурьев-Доссор тар табанды темір жолын салу керек деген ұсыныс жасады (Балгимбаев М. «Нефтяная Эмба». Алматы, 2001, 52-53-бб.). Сөйтіп, 1925 жылдың мамыр айында Гурьев-Доссор тар табанды темір жолдың құрылысы басталады (АОММ, 146-қ., 1-т., 433-іс, 3-б.). Алты айдың үстінде тапжылмай атқарылған еңбектің арқасында 1926 жылы 19 желтоқсанда ұзындығы 93 км болатын Гурьев-Доссор тар табанды темір жолы пайдалануға берілді (АОММ, 2-т., 17-іс, 36-б.).

Гурьев-Доссор тар табанды темір жолы туралы «Еңбекші қазақ» газеті «Бұрын Доссор мен Гурьевтің арасы жолсыз шөл болатын. Доссор жұмысшылары ауыз суға тарылған еді. Кеңес өкіметі тұсында Доссор мен Гурьевтің арасына темір жол салынды. Қатынас жөнделді. Поезд сайын төрт-бес мың шелек су келіп тұрады. Жұмысшылар енді суға тарықпайды»-деп жазды (Табылдиев Х.Б., 98-б.).

Гурьев-Доссор тар табанды темір жолы мұнайлы Ембінің дамуына зор әсерін тигізді. 1925-1926 жылдары мұнайлы аудан түгел дерлік қалпына келтіріліп мұнай өндіру ісі артты. Сөйтіп өндірілген мұнайдың көлемі 218 мың тоннаға жетті. Бұл, 1913 жылмен салыстырғанда 84,5 %ға артық еді («Партийная жизнь Казахстана», с. 68). 1934 жылы Гурьев-Доссор тар табанды темір жолынан Ескене кен орнына ұзындығы 56 шақырым болатын жаңадан темір жол желісі тартылды. Бірақ, бұл екі тар табанды темір жол желісі Ембі мұнай өнеркәсібінің даму мәселесін толық шеше алмады.

Ал Ембі мұнай өнеркәсібінің дамуы КСРО Халық шаруашылығы үшін маңызды болды. Себебі, бұл өңірде өндірілген мұнайдың сапасы жоғары болатын. Ембі мұнайынан Повольжье мен Оралдың және Сібірдің өнеркәсіптік орталықтарына қажетті турбиналық машиналар үшін жоғары сапалы жағар май алынды. Сонымен қоса бұл мұнайдан 52 % бензин алынатын еді. Ал Баку мен Грозийдың немесе Майкоптың мұнайынан 18-20 % бензин алынатын болды. Ембі мұнайын валюта жинау үшін шетелге сатуға шығарды («Народное хозяйство Казахстана», 1941, с.23). Осыған орай кеңес үкіметі Ембі мұнайын өндіру үшін алғашқы екі бесжылдық жылдарында 500 млн сом қаржы бөлінді («20 лет Казахской ССР». с. 171).

Мұнай өндіруді ұлғайту үшін алдымен Ембі өңірінің мұнай қорын анықтады. Осы ауданды зерттеуге көп күш жұмсаған академик И.М. Губкин Ембі мұнайының қоры шамамен 1 млрд тоннаға тең, яғни Кавказдың оңтүстік-шығысындағы қорлармен пара пар деп жазды (И.М. Губкин, с.480).

Ембі ауданының дамуына көп уақыт атсалысқан келесі бір ірі кеңестік геолог Я.В. Лаврентьев: «Соңғы 2-3 жылда жүргізілген іздеу жұмыстарының нәтижесі Ембі ауданының мұнай қорын Апшерон түбегіндегі мұнай қорымен тең деген қорытынды жасауға негіз болады»-деді (Я.В. Лаврентьев, с. 6.).

Қазақстан мен Орта Азия республикаларын, Сібір мен Орал тауы етегіндегі өндіріс орындарын индустриаландыру мұнай өнімін ұлғайтуды талап етті. 1937 жылы бір ғана Қазақстанда мұнай өніміне деген сұраныс Ембі ауданында өндірілетін өнімнің үштен екісіне тең болды («Нефтяное хозяйство», 1933, с.127). Әсіресе, Орал мен Сібір сұйық отынға өте мұқтаж еді.

1931 жылы наурызда Қазақстанның өлкелік партия комитеті БПК (б) ОК-не хат Доссор-Жем немесе Ақтөбе аралығына мұнай құбырын салу және Гурьевтен Орынбор-Ташкент темір жол торабын байланыстыратын темір жол желісін салу жөнінде арнайы хат жолдады. Хатта Александров-Гай-Мақат темір жол желісі жобасының Ембі ауданының игеруге қолайсыз екендігі жазылды. Сол себепті темір жол желісін Гурьевтен Қандыағаш бекетіне дейін салу керек деп баса айтады. Сонымен қоса хатта, мұнай өндірісі жөнінде Одақта үшінші орын алатын Орал-Ембі ауданының Қазақстан мен көршілес өңірлер үшін маңызы зор екенін жазады.

1935 жылы салынған Каспий-Орск мұнай құбыры мұнай тасымалдау проблемасын шешкенімен ауданға қажетті құрал-жабдықтар мен азық-түлікті тасымалдау ісін шешкен жоқ. Темір жол қатынасының болмауы барлау мен бұрғылау жұмыстарына қолбайлау болды. Сөйтіп, Ембі мұнайлы ауданның дамуына кедергі жасады.

Темір жол қатынасының дамуына үлкен себебін тигізген 1930 жылы өткен БКП (б) XVII съезі болды. Онда «...экономикамыздың дамуы мен товар айналысының дамуына басты кедергі темір жол көлігінің тапшылығынан» деп атап кеткен болатын. «Көлік проблемасының өткірлігі Қазақстанның шаруашылық орталықтары мен темір жол торабынан шалғай орналасуынан туып отыр» деп атап өтті В.В. Куйбышев осы съезде. (В.В. Куйбышев, с.535). Съезд шикізат көздерін Одақтың индустриалық орталықтарымен байланыстыру қажеттілігін атап көрсетті. Сонымен қоса елдің шығысында орналасқан Башқұртстан мен Ембі мұнайлы ауданын кеңінен игеруді басты міндеттердің бірі деп таныды.

1935 жылы 20 ақпанда БКП (б) ОК, ал келесі күні 21 ақпанда КСРО Еңбек және Қорғаныс Кеңесі Орал-Ембі мұнайлы ауданында темір жол салу жөнінде Қаулы қабылдады (РЭА, 1884-к., 31-т., іс. 2619, 14-п.). «Жартылай шөлейтте орналасқан Орал-Ембі ауданында бұрын-соңды қанағаттандырарлық қатынастың болмауы, қажетті құрал-жабдықтарды тасып алып келу қиыншылығын тудырды, ал ол мұнай көзін барлаумен оны игеру ісін кеңінен жүргізуге мүмкіндік бермеді» деп атап көрсетілді партия мен үкімет шешімінде. Темір жол желісінің құрылысына қажетті жабдықтарды іздестіру міндетін Ауыр Өнеркәсіп Халық Комиссариатына жүктелді. Сол үшін Ауыр Өнеркәсіп Халық Комиссары 1935 жылы 21 ақпанда Іздестіру экспедициясын құрды.

Әртүрлі ғылыми-зерттеу мен шаруашылық және жоспарлау ұйымдарының өкілдері қатысқан КСРО Ғылым Академиясының сессиясы Орал-Ембі ауданын кешенді дамыту мәселесін талқылады. Онда бұл өңірдің тұз күмбезінде мұнай, газ, бор, калий және басқа да пайдалы қазбалардың көп екені және оны өндірістік игеру қажеттігі айтылды. Орал-Ембі ауданы әлемдік мұнай қорының сегізден бір бөлігін құрайтыны және ол КСРО-да Бакудан кейінгі екінші орынды алатыны сөз болады («Большая Эмба». Л., 1930, с.9). Сессия Ембі мұнай бассейнін игеру үшін бірден-бір міндет-бұл өңірде темір жол қатынасын орнату деп атап көрсетті. Сонымен қоса бұл сессияда «Гурьев-Темір-Ақтөбе темір жол жобасы» бойынша іздестіру жұмыстарының барысы баяндалды.

1936 жылы 25 ақпанда Ауыр Өнеркәсіп Халық Комиссариатының бұйрығы бойынша осы комиссариатқа қарасты Көлік Басқармасына Гурьев-Ақтөбе темір жол құрылысын ұйымдастыруды тапсырды. 1936 жылы сәуірде Ақтөбе қаласында Гурьев-Ақтөбе темір жол құрылысы басқармасы құрылды. Кейін бұл темір жол құрылысы Гурьев-Қандыағаш темір жол құрылысы деп аталатын болды. Құрылыс жұмысын жүргізу мердігерлік мекеме ретінде «Союзтрансстрой» деп аталатын құрылыс басқармасына жүктелді. Ұзындығы 518 шақырым



болатын темір жол желісіне 190 млн сом қаржы бөлінеді деп жоспарланды. Гурьев-Қандыағаш темір жолын елдегі ең үздік мекеме-Магнитогорск металлургиялық комбинатының кірме жолдары мен Уфа-Ишимбай темір жол құрылыс мекемесі салды. Құрылыс жұмыстары екі жақтан қатар жүргізілді. Солтүстік учаске деп аталатын Қандыағаш бекетінен және Оңтүстік учаске деп аталатын Гурьев қаласынан қатар басталды. 1936 жылы 19 мамырда солтүстік учаскенің құрылысшылары салтанатты жағдайда алғашқы текше метр топырақ төкті. Көп кешікпей, 26 мамырда Оңтүстік учаскеде де топырақ төгу жұмысы басталды.

Құрылыс жұмысы өте қиын климаттық жағдайда жүргізілді. Темір жол трассасы халықтың сирек қоныстанған жерлері арқылы өтті. Бұл жерде қоныстанған халықтың саны 1935 жылы 1 қаңтарда 196.705 адамды ғана құраған болатын. Яғни, бұл дегеніміз әрбір текше шақырымға 1,03 адамнан келген екен («Народное хозяйство Казахстана», 1936, с.114). Оның үстіне трасса тартылатын жер тұзды әрі шөлейтті жер болатын. Жазда күннің ыстығы 55 градуске дейін көтеріліп, қыста 48 градуске дейін салқын болатын еді. Оның үстіне қыста жиі боран болып тұрды. Жердің қатып қалуы салдарының қазу жұмысы жиі қиыншылыққа тап болды (РЭА, 809-т., 1076-іс, 39- п.). Жергілікті жерде құрылыс материалдары тапшы болды. Жасанды құрылысқа қажетті тасты Солтүстік учаске үшін 125 шақырым жердегі Мұғаджар карьерлерінен Оңтүстік учаске үшін Жайық өзенінің жағасында орналасқан 200 шақырым жердегі Индерден тасып әкеліп отырды.

Алғашқы кездері құрылысшылардың тұрмыстық жағдайы өте төмен болды. Оларды уақытша барактарға, киіз үйлерге тіпті жертөлелерге орналастырды. Электр қуаты тартылмағандықтан жұмысшылар жататын орындар керосин шамдармен және май шамдармен жарықтандырылатын еді. Ауыз судың өзін 250-300 шақырым қашықтықтан тасып әкеліп отырды. Техника жетіспеді. 1936 жылы шілде айында 91 автокөлік, 12 тіркелмелі арба, 36 трактор, 50 вагон болған екен. Сол себепті қазу жұмыстарының көпшілігі қолмен атқарылды.

Құрылысшылардың саны күннен-күнге артып отырды. 1936 жылы 1 шілдеде олардың саны 1 012 адам болса, осы жылдың қазан айында 2 380 адамға, 1937 жылы мамырда 2 973, ал 1938 жылдың бірінші жартысында 3 994 адамға өскен екен. Гурьев-Қандыағаш темір жолы құрылысына жұмысшылар негізінен ауылдық жерлерден жұмылдырылды. Осындай жолдармен 1937 жылы қыркүйекте 1 600 адам жұмысқа келген екен.

1937 жылдан бастап 1941 жылдың маусымына дейін құрылысшылар үшін көптиражды «На стройке Кандагаш-Гурьев» және Қандыағаш-Гурьев құрылысында» деп аталатын газет шығып тұрды.

Көптиражды газеттің негізгі мазмұны партия мен Үкіметтің іс-шараларын насихаттау және құрылысшыларды идеялық-саяси тәрбиелеу болып табылады. Газетте еңбек ерлерінің істерін әсерлі ашып көрсетті. Көптиражды газеттің беттерінде стахановшылар мен өндіріс озаттары туралы мақалалар мен хат-хабарлар басылып отырды және олардың тәжірибесі кеңінен талқыланды. Сонымен қоса бұл газеттерде кадр даярлау ісіне көп көңіл бөлінді. Құрылысшылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлары мен еңбек тәртібі де жиі көтеріріліп отырды.

Жер қазу жұмысы мен құрылыс жұмыстары қажетті материалдардың уақытылы жеткізілмеуі себепті қарқынын түсіріп алды. Мысалы 1936 жылы 100 шақырымға жететін темір жол рельсінің орнына 50 шақырымдық темір жол рельсі жеткізілді. 60 мың дана шпалдың орнына 10 400 ғана шпал жеткізілген екен. Қажетті құрал-жабдықтардың жетіспеуі келесі жылы да айқын байқалды. Мысалы, 8 550 тонна рельстің орнына 5 112 тонна (52,8 %), 1 100 тонна цементтің орнына 870 тонна (79 %), 7 000 текше метр дөңгелек томарлардың орнына 680 текшеметр (9,8 %) дөңгелек томарлар жеткізілді.

Гурьев-Қандыағаш темір жол құрылысына қажетті рельстерді уақытында жеткізе алмауы

себепті жұмыс тұрып қалмауы үшін бұрын-соңды қолданыста болған рельстерді төсеуге мәжбүр болды (РЭА, 31-т., 2619-іс., 25-п.). Басқа да төсеме материалдарды жергілікті жердің ресурстарынан өздері дайындайтын болды.

1937 жылы КСРО Ауыр Өнеркәсібі Халық Комиссариаты Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесіне Гурьев-Қандыағаш темір жолы құрылысына 3 400 тонна рельс, 93 тонна арматура темірі, 30 тонна шеге, 46 тонна телеграф сымдары, 340 вагон полиметалл және 25 тонна автомашина бөлінгенін хабарлады. Материалдар мен механизмдердің жеткізілуіне байланысты құрылыс жұмысы қайтадан екпінді түрде жалғасын тапты. 1937 жылдың 10 айында белгіленген 1 907 мыңның орнына 1 947 мың топырақ үйіндісін төседі. Сонымен қоса екі учаскеде 251 шақырым темір жол салынды (РЭА, 80-т., 999-іс, 105-п.).

Құрылыс жұмыстарының алғашқы жылдарында жұмыс қолы жетіспеген болатын. Осыған орай Құрылыс Басқармасы 1938 жылдың 25 қазан айынан бастап құрылысшыларға арнап өндірістен босатып оқу үшін қысқа мерзімді курстар ұйымдастырды. Курсқа 3-4 кластық білімі бар құрылысшылар алынды. Бұл курстарда тас қалаушы, сылақшы, пеш салушы, ағаш ұстасы, жол бригадирі, майлаушы, кондукторлар, бағыттаушы мамандықтары болды. Курстар Ақжар, Қандыағаш және Шұбаркұдық ауылдарында ашылды. Жұмысшылар курсына оқитындар үшін 75 сом айлық стипендия тағайындалды. Курста оқитын жұмысшылар үшін бірқатар әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар қарастырылды. 2-3 айда мамандық алып шыққан жас құрылысшылар оқуын тамамдаған соң сол мекемеде екі жыл жұмыс жасауға тиіс болды.

Қысқа мерзімді курстардың ашылуы маманданған құрылысшылардың қатарын көбейтті. 1938 жылы осындай курстарды тамамдағандардың саны 624 адамға жетті. Олардың 408-і техникалық минимум тапсырды. Ал 1939 жылы 1054 адам мамандық алып олардың 463-і техникалық минимум тапсырған екен (РЭА, 80-т., 1076-іс, 56-п.).

Бұрын көшпелі және жартылай көшпелі өмір салтымен жүрген қазақтар үшін бұл темір жол құрылысы нағыз жұмысшы университеті болды. 1937 жылы құрылыс жұмысына тартылған 4 638 жұмысшының ішінде қазақтар саны 2051 адам болса, келесі жылдың қазанында олардың саны 5300-ге жетті. Ал Оңтүстік учаскеде қазақтар саны 90 % құраған екен.

Құрылыс басшылығы мен кәсіподақ ұйымдары құрылысшылардың әлеуметтік тұрмыстық жағдайларын жақсарту мен мәдени дәрежесін көтеруге көп көңіл бөлді. 1937 жылы осы құрылыста 23 үйірме және 21 қызыл бұрыштар мен 17 кітапхана, 4 жылжымалы кино клубтар жұмыс істеп, оның жұмысына 741 адам қатысқан екен. Құрылыстың солтүстік бөлігінде 46 дүкен мен ондаған сауда орындары, наубайханалар мен асханалар ашылды. Өткір проблемалардың бірі тұрғын үй мәселесі еді. Құрылысшылардың басым бөлігі 46 303 шаршы метрді құрайтын жатақханалар мен вагондарда тұрды. Бірақ көп кешікпей бұл мәселе де оң шешімін таба бастады. 1936-1940 жылдары 18343 шаршы метр тұрғын үй салынды (РЭА, 80-т., 929-іс, 23-п.). 1940 жылы Ақтөбе облысы мен Гурьев қаласында үш пионер лагерлері ашылып, онда 310 құрылысшылардың баласы демалған екен («На стройке Кандагач-Гурьев», 7 мая 1940 г.).

Жұмысшылардың ай сайын алатын жалақысы да жоғары болды. 1936 жылы олардың бір күндік жалақысы 8 сом 51 тиыннан бастап 14 сом 64 тиынға жетті. Ағаш ұсталары мен сылақшылар, тасқалаушылардың және механизаторлардың жалақысы одан да жоғары болды (РЭА, 80-т., 99-іс, 23-пп.; 5929-қ.; 1076-іс, 49-п.).

Қандағаш-Гурьев темір жолының құрылысына келесі жылдары да көп көңіл бөлінді. 1937 ж. 1 қарашасында құрылыс жұмыстарын одан әрі жалғастыру үшін Жол қатынастары халық комиссариаты жанындағы Орталық темір жол құрылысы басқармасына қарайтын жеке Құрылыс басқармасы құрылды. Құрылыс жұмыстарын №12 Құрылыс-монтаждау мекемесі мен № 46 Құрылыс-монтаждау мекемесі жүргізіп отырды (РЭА, 31-т., 2619-іс, 3-п.).

Сонымен қоса, Гурьев-Қандыағаш теміржолының құрылысына 5 құрылыс учаскесі мен

техникалық-жабдықтау бөлімі, коммуналды шаруашылық пен байланыс бөлімі және қосалқы мекеме мен көлік конторасы, жұмысшыларды жабдықтау бөлімі сияқты 12 шаруашылық бірлігі қарады (РЭА, 929-іс, 11-п.).

Құрылысшылардың қажырлы еңбегінің арқасында, 1939 жылы желтоқсан айында Гурьев-Қандағаш темір жолы уақытша пайдалануға берілді. Осылайша Ембі мұнайлы ауданы Орынбор-Ташкент теміржол торабымен байланыстырылды. Ендігі жерде Ембі мұнайын Орск мұнай айыру зауытымен байланыстыру керек болды. Сол үшін Орск қаласынан бастап Ақтөбе бағытына қарай теміржол желісін тартып оны Орынбор-Ташкент теміржол торабымен қиылыстыру көзделді. Көп кешікпей бұл теміржол желісін Орск-Қандыағаш теміржол желісі деп өзгертті. Бұл теміржол желісі Ұлы Отан соғысының алғашқы жылдарында ғана пайдалануға берілген болатын. Гурьев-Қандыағаш темір жол желісі Ембі ауданында бұрғылау жұмысының артуына себепші болды. 1939 жылы пайдалану үшін жүргізілген бұрғылау жұмысы 1935 жылмен салыстырғанда 3,3 есеге артқан екен («На стройке Кандагач-Гурьев», 1 января). Ал Қандыағаш-Орск теміржол желісінің пайдалануға берілуі Ұлы Отан соғысы жылдарында қызыл әскерді Ембі мұнайымен қамтамасыз ету үшін зор септігін тигізді.

#### Әдебиеттер

- // Народное хозяйство Казахстана. – 1934. - №1. - С. 31.  
 Социалистическое становление нефтяной Эмбы. Сборник документов и материалов. - А-Ата, 1965. - 395 с.  
 Табылдиев Х.Б. Атырау қаласының тарихы. – Алматы, 2018. - 208 б.  
 Балгимбаев М. Нефтяная Эмба. – Алматы, 2001. – 456 с.  
 Атырау облыстық мемлекеттік архиві (АОМА). 146-к., 1-т., 433-іс, 3-п.  
 // Партийная жизнь Казахстана. – 1965. - № II. - С. 68.  
 // Народное хозяйство Казахстана. – 1941. - № 4. - С. 23.  
 // 20 лет Казахской ССР. Статистический сборник. - Алма-Ата, 1940. - С. 171.  
 Губкин И.М. Избр.соч., т.2. - М., 1953. - С. 480.  
 Лаврентьев Я.В. Нефтяная Эмба. - Алма-Ата-Москва, 1935. - С. 6.  
 // Нефтяное хозяйство. – 1933. - № 7. - С.127.  
 Куйбышев В.В. Статьи и речи. - т.5. - М., 1937. - С.535.  
 Ресей экономикалық архиві (РЭА). Ф.1884, оп. 31, д. 2619, л. 14.  
 // Большая Эмба. - Л., 1930. - С. 9.  
 // На стройке Кандагач-Гурьев. - 1940.- 7 мая

#### References

- // Narodnoe hozyajstvo Kazahstana. – 1934. - №1. - S. 31.  
 Socialisticheskoe stanovlenie neftyanoj Emby. Sbornik dokumentov i materialov. - A-Ata, 1965. - 395 s.  
 Tabyldiev H.B. Atyrau qalasyнын tarihy. – Almaty, 2018. - 208 b.  
 Balgimbaev M. Neftyanaya Emba. – Almaty, 2001. – 456 s.  
 Atyrau oblystyk memlekettik arhivi (AOMM). 146-k., 1-t., 433-is, 3-p.  
 // Partijnaya zhizn Kazahstana. – 1965. - № II. - S. 68.  
 // Narodnoe hozyajstvo Kazahstana. – 1941. - № 4. - S. 23.  
 // 20 let Kazahskoj SSR. Statisticheskij sbornik. - Alma-Ata, 1940. - S. 171.  
 Gubkin I.M. Izbr.soch., t.2. - M., 1953. - S. 480.  
 Lavrentev Ya.V. Neftyanaya Emba. - Alma-Ata-Moskva, 1935. - S. 6.  
 // Neftyanoje hozyajstvo. – 1933. - № 7. - S.127.  
 Kujbyshev V.V. Stati i rechi. - t.5. - M., 1937. - S.535.  
 Resej ekonomikalыq arhivi (REA). F.1884, op. 31, d. 2619, l. 14.  
 // Bolshaya Emba. - L., 1930. - С. 9.  
 // Na strojke Kandagach-Gurev. - 1940.- 7 maya

## МАЗМҰНЫ

<b>Абдрахим М., Тулешова У.</b> ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ «ШЕН» ЖӘНЕ РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ МАРАПАТТАРЫ МӘСЕЛЕСІ.....	5
<b>Ахтаева Н.С., Парух К.И.</b> SPSS – СТАТИСТИКА БАҒДАРЛАМАСЫНДА СТАТИСТИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕРДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ДАҒДАРЫС ЖАҒДАЙЫНДА СПОРТШЫЛАРҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЕҢЕС БЕРУ.....	12
<b>Байгапанова А.Б., Адильбаева А.С.</b> СЕМЕЙ Өңірі ауыл еңбекшілерінің майданды өнім сұранысымен қамтамасыз етуі.....	19
<b>Балтабаева К.Н.</b> ӨБІЛҚАЙЫР МҰХАММЕД ҒАЗИ БАҒАДУР-ХАН.....	33
<b>Бейсегулова А.Қ.</b> ЭТНИКАЛЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ САҚТАУДА ТІЛДІҢ ОРНЫ.....	45
<b>Бекжан О.Д.</b> ҚАССАҚ ЭТНОНИМІ ЖАЗЫЛҒАН КӨНЕ ТҮРКІ РУНА ЖАЗУЫНЫҢ МАҒЫНАСЫ.....	50
<b>Гейдаров А.</b> КСРО-НЫҢ ҚҰРЫЛУ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ РКСФР-ДІҢ ОҢТҮСТІК КАВКАЗДАҒЫ САЯСАТЫ ЖӘНЕ БҰЛ БАҒЫТТАҒЫ ӨЗГЕШЕЛІКТЕР.....	57
<b>Жайлыбаев Д.Ж.</b> ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ МОНО ЖӘНЕ ШАҒЫН ҚАЛАЛАРДЫҢ ДАМУЫ.....	63
<b>Жанақова Н.Т.</b> ҚАЛИ БІЛӘЛОВ – ЕЛІМІЗДЕГІ БІЛІМ ІСІНІҢ БІЛГІР ҰЙЫМДАСТЫРУШЫСЫ.....	68
<b>Жарқынбаева Р.С., Байжанова С.Н.</b> ӨЗБЕКСТАНДАҒЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	73
<b>Жуматаев Р.С., Кожабекова Ж.Б.</b> ТҮРКІ-МОҢҒОЛ ХАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ЖЫЛҚЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ДҮНИЕТАНЫМНЫҢ КЕЙБІР ҚЫРЛАРЫ.....	82
<b>Ибраева А.</b> ЖАҒАНША ДОСМҰХАМЕДОВ – АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ӨРШІЛ ҚАЙРАТКЕРІ.....	91
<b>Ибраева А.</b> АХМЕТ БІРІМЖАНОВ – АЛАШ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯСЫНЫҢ КӨРНЕКТІ ӨКІЛІ.....	101
<b>Каженова Г.Т.</b> СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘСКЕРИ КОММУНИЗМ САЯСАТЫНА БҰҚАРА ХАЛЫҚТЫҢ КӨРСЕТКЕН ҚАРСЫЛЫҒЫ.....	111
<b>Кәрібаев Б.Б.</b> ЖӨНІБЕК ХАН.....	120
<b>Кәрібаев Б.Б.</b> КЕРЕЙ ХАН.....	133
<b>Кульшанова А.А.</b> ЖАҢА ӘДІСНАМАЛЫҚ ТӘСІЛДЕР БОЙЫНША ҰЛТТЫҚ САЯСАТЫ БОЛЬШЕВИКТЕР ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢІНДЕ ТОТАЛИТАРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТ.....	150
<b>Қалыбекова М.Ч.</b> XX ғ. 30-40 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ КСРО-НЫҢ ҚҰҒЫН СҮРГІН САЯСАТЫНЫҢ БІР ТҮРІ - ҚАЗАҚСТАНҒА КҮШТЕП ҚОНЫСТАНДЫРУ.....	154
<b>Қалшабаева Б.К., Шакенов С.Т., Ермабылов А.Е.</b> ҚОЛА ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЛБА-НАРЫМ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫ (ЖЕРЛЕУ ОРЫНДАРЫ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ).....	163
<b>Қойгелдиев М.Қ.</b> МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ: АЛАШТЫҚ ҚАЛАМҒЕРЛЕР МАНИФЕСІ.....	170
<b>Қойгелдиев М.Қ.</b> ЕСМАҒАМБЕТ ИСМАЙЛОВ: МЕН ӘДЕБИЕТТІ БАРЛЫҚ МҮДДЕМНЕН ЖОҒАРЫ ҚОЙДЫМ!.....	192
<b>Қорабай С.С.</b> «ДАНА ХИКАР ХИКАЯСЫ» ЖӘДІГЕРІ – АРМЯН ЖАЗУЫНДАҒЫ ОРТА ҒАСЫРЛЫҚ ҚЫПШАҚ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШІ.....	226

<b>Майданали З.</b> ТӨРЕ ЖӘНЕ ШЫҢҒЫС ХАННЫҢ ЖАСАҒЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ ЗАМАНАУИ ҒЫЛЫМИ ПАРАДИГМАЛАР.....	232
<b>Мамедзаде У.К.</b> ӘЗЕРБАЙЖАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЙМАҚТАҒЫ БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫҢ КЕПІЛІ РЕТІНДЕ..	238
<b>Мамиров Т.Б., Клышев Е.Е.</b> ОЙСЫЛҚАРА ЖЕРІНДЕГІ ТАС ДӘУІРІНІҢ ЕСКЕРТКІШТЕРІ ТУРАЛЫ(АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ): АЛДЫН-АЛА ХАБАРЛАМА.....	247
<b>Молдабаева Д.Ж., Маратұлы Т.</b> X-XI Ғ. ҚАРАХАН МЕМЛЕКЕТІНІҢ ШЫҒЫС САЯСАТЫ: КОЧО ҰЙҒЫР ИДИҚҰТТЫҒЫМЕН СОҒЫСЫ ЖӘНЕ ХОТАНДЫ ЖАУЛАП АЛУЫ.....	254
<b>Мургабаев С.С.</b> ҚАРАТАУ ПЕТРОГЛИФТЕРІНДЕГІ ТҮРКІ КЕЗЕҢІНІҢ БЕЙНЕЛЕРІ МЕН ТАҢБАЛАРЫ.....	262
<b>Мұхитов Қ.</b> ГУРЬБЕВ-ҚАНДЫАҒАШ ТЕМІР ЖОЛЫНЫҢ САЛЫНУ ТАРИХЫ.....	282
<b>Омарова Г.Ә.</b> АЛЖИР ҚАСІРЕТІ: АЗАП ШЕККЕН АНАЛАР ЕСТЕЛІГІНДЕ.....	289
<b>Оспанғалиев Қ.Ә.</b> БҮКІЛРЕСЕЙЛІК ҚҰРЫЛТАЙ ЖИНАЛЫСЫ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОҒАМДЫ-САЯСИ ЖАҒДАЙЫ.....	297
<b>Саурықова Ж.С.</b> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ КУЛАКТАРДЫ ЖОЮ ПРОЦЕСІНДЕГІ БҰРМАЛАНУЛАР.....	309
<b>Смағұлов Б.</b> ТОНЬКӨКТИҢ ЕКІНШІ ТҮРІК ҚАҒАНДЫҒЫ КЕЗІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ ЖӘНЕ ӘСКЕРИ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ (VII – VIII ҒҒ.).....	318
<b>Сұлтанғалиева Г., Ануаров Н.Т.</b> ОРЕНБУРГ КАДЕТ КОРПУСЫ ЖӘНЕ XIX Ғ. ҚАЗАҚ ОФИЦЕРЛЕРІ.....	330
<b>Ташқараева Ә.М.</b> АБУ-Л-ҒАЗИ БАҒАДҰР ХАН: ӨМІРІ МЕН ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ.....	338
<b>Төлеубаев Ә.Т., Жұматаев Р.С., Шакенов С.Т., Ерғабылов А.Е.</b> ШІЛІКТІ-ТАРБАҒАТАЙ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯСЫНЫҢ 2019 ЖЫЛЫ ЕЛЕКЕ САЗЫ ҚОРЫМЫНДА ЖҮРГІЗГЕН ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ.....	347
<b>Хасенова Б.М.</b> АРХЕОЛОГИЯ БОЙЫНША КИМАК ҚОҒАМЫНДАҒЫ ГЕНДЕР.....	353

## СОДЕРЖАНИЕ

<b>Абдрахим М., Тулешова У.</b> ВОПРОСЫ «ЧИНА» И НАГРАД РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ В КАЗАХСКОМ УСТНОМ НАРОДНОМ ТВОРЧЕСТВЕ.....	5
<b>Ахтаева Н.С., Парух К.И.</b> ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ КОНСУЛЬТИРОВАНИЕ СПОРТСМЕНОВ В КРИЗИСНЫХ СИТУАЦИЯХ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ СТАТИСТИЧЕСКОЙ ВЫКЛАДКИ ДАННЫХ В ПРОГР.....	12
<b>Байгапанова А.Б., Адильбаева А.С.</b> ОБЕСПЕЧЕНИЕ СЕЛЬСКИМ НАСЕЛЕНИЕМ СЕМИПАЛАТИНСКОГО РЕГИОНА ПОТРЕБНОСТЕЙ ФРОНТА.	19
<b>Балтабаева К.Н.</b> АБУЛХАИР МУХАММЕД ГАЗИ БАХАДУР-ХАН.....	33
<b>Бейсегулова А.К.</b> РОЛЬ ЯЗЫКА В СОХРАНЕНИИ ЭТНИЧЕСКОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ.....	45
<b>Бекжан О.Д.</b> ЗНАЧЕНИЯ ДРЕВНЕ ТЮРКСКОГО РУНИЧЕСКОГО ПИСЬМА, ГДЕ НАПИСАН ЭТНОНИМ КАССАК.....	50
<b>Гейдаров А.</b> ПОЛИТИКА РСФСР НА ЮЖНОМ КАВКАЗЕ НАКАНУНЕ ОБРАЗОВАНИЯ СССР И РАЗЛИЧИЯ В ДАННОМ НАПРАВЛЕНИИ.....	57
<b>Жайлыбаев Д.Ж.</b> РАЗВИТИЕ МАЛЫХ И МОНО ГОРОДОВ ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ.....	63
<b>Жанакова Н.Т.</b> КАЛИ БИЛАЛОВ – ТАЛАНТЛИВЫЙ ОРГАНИЗАТОР ОБРАЗОВАНИЯ В СТРАНЕ.....	68
<b>Жаркынбаева Р.С., Байжанова С.Н</b> ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ СИСТЕМЫ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ УЗБЕКИСТАН.....	73
<b>Жуматаев Р.С., Кожабекова Ж.Б.</b> НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ МИРОВОЗЗРЕНИЯ ТЮРКО-МОНГОЛЬСКИХ НАРОДОВ, СВЯЗАННЫЕ С ЛОШАДЬЮ.....	82
<b>Ибраева А.</b> ЖАХАНША ДОСМУХАМЕДОВ – АМБИЦИОЗНЫЙ ДЕЯТЕЛЬ АЛАШСКОГО ДВИЖЕНИЯ.....	91
<b>Ибраева А.</b> АХМЕТ БИРИМЖАНОВ – ВЫДАЮЩИЙСЯ ПРЕДСТАВИТЕЛЬ АЛАШСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ.....	101
<b>Каженова Г.Т.</b> СОПРОТИВЛЕНИЕ НАРОДНЫХ МАСС ПОЛИТИКЕ ВОЕННОГО КОММУНИЗМА В СЕВЕРНОМ КАЗАХСТАНЕ.....	111
<b>Карибаев Б.Б.</b> ЖАНИБЕК ХАН.....	120
<b>Карибаев Б.Б.</b> КЕРЕЙ ХАН.....	133
<b>Кульшанова А.А.</b> НОВЕЙШИЕ МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ ПО НАЦИОНАЛЬНОЙ ПОЛИТИКЕ БОЛЬШЕВИКОВ В ПЕРИОД СТАНОВЛЕНИЯ ТОТАЛИТАРНОГО ГОСУДАРСТВА.....	150
<b>Калыбекова М.Ч.</b> ПРИНУДИТЕЛЬНОЕ ПЕРЕСЕЛЕНИЕ НАРОДОВ В КАЗАХСТАН КАК ФОРМА РЕПРЕССИВНОЙ ПОЛИТИКИ СССР (1937-1945).....	154
<b>Калшабаева Б.К., Шакенов С.Т., Ергабылов А.Е.</b> МИРОВОЗЗРЕНИЕ НАСЕЛЕНИЯ КАЛБА-НАРЫМСКИХ ПРЕДГОРИЙ В ЭПОХУ БРОНЗЫ (НА ОСНОВАНИИ МАТЕРИАЛОВ ЗАХОРОНЕНИЙ).....	163
<b>Койгелдиев М.</b> МАГЖАН ЖУМАБАЕВ: МАНИФЕСТ НАЦИОНАЛЬНОГО ПИСАТЕЛЯ.....	170
<b>Койгелдиев М.</b> ЕСМАГАМБЕТ ИСМАИЛОВ: Я ЛИТЕРАТУРУ СТАВИЛ ВЫШЕ ВСЕХ СВОИХ ИНТЕРЕСОВ!.....	192
<b>Корабай С.С.</b> «СКАЗАНИЕО ПРЕМУДРОМ ХИКАРЕ» – АРМЯНОПИСЬМЕННЫЙ КЫПЧАКСКИЙ ПАМЯТНИК СРЕДНЕВЕКОВЬЯ.....	226

<b>Майданали З.</b> СОВРЕМЕННЫЕ НАУЧНЫЕ ПАРАДИГМЫ И ТЕНДЕНЦИИ В ИЗУЧЕНИИ ТÖРЕ И ЯСЫ ЧИНГИСХАНА.....	232
<b>Мамедзаде У.К.</b> АЗЕРБАЙДЖАНСКАЯ РЕСПУБЛИКА КАК ГАРАНТ МИРА И СТАБИЛЬНОСТИ В РЕГИОНЕ.....	238
<b>Мамиров Т.Б., Клышев Е.Е.</b> О ПАМЯТНИКАХ КАМЕННОГО ВЕКА МЕСТНОСТИ ОЙСЫЛКАРА (АКТЮБИНСКАЯ ОБЛ.): ПРЕДВАРИТЕЛЬНОЕ СООБЩЕНИЕ.....	247
<b>Молдабаева Д.Ж., Маратұлы Т.</b> ВОСТОЧНАЯ ПОЛИТИКА КАРАХАНИДСКОГО ГОСУДАРСТВА В X-XI ВЕКАХ: ВОЙНА С УЙГУРСКИМ ИДИКУТСТВОМ КОЧО И ЗАВОЕВАНИЕ ХОТАНА.....	254
<b>Мургабаев С.С.</b> ИЗОБРАЖЕНИЯ И ТАМГИ РАННЕТЮРКСКОГО ПЕРИОДА В ПЕТРОГЛИФАХ КАРАТАУ.....	262
<b>Мухитов К.</b> ИСТОРИЯ СТРОИТЕЛЬСТВА ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГИ ГУРЬЕВ-КАНДАГАЧ.....	282
<b>Омарова Г.А.</b> ГОРЕСТИ АЛЖИРА В ВОСПОМИНАНИЯХ МАТЕРЕЙ-УЗНИЦ.....	289
<b>Оспангалиев К.А.</b> ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ СИТУАЦИЯ В ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ НАКАНУНЕ ВСЕРОССИЙСКОГО УЧРЕДИТЕЛЬНОГО СОБРАНИЯ.....	297
<b>Саурыкова Ж.С.</b> ПЕРЕГИБЫ И ИСКРИВЛЕНИЯ В ПРОЦЕССЕ КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ И РАСКУЛАЧИВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ.....	309
<b>Смагулов Б.</b> ОБЩЕСТВЕННАЯ И ВОЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ТОНЬЮКУКА В ПЕРИОД ВТОРОГО ТЮРКСКОГО КАГАНАТА (VII – VIII ВВ.).....	318
<b>Султангалиева Г.С., Ануаров Н.Т.</b> ОРЕНБУРГСКИЙ КАДЕТСКИЙ КОРПУС И КАЗАХСКИЕ ОФИЦЕРЫ XIX В.....	330
<b>Ташкараева А.М.</b> АБУ-Л-ГАЗИ БАХАДУР ХАН: ЖИЗНЬ И ОБЩЕСТВЕННАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ.....	338
<b>Төлеубаев Ә.Т., Жұматаев Р.С., Шакенов С.Т., Ерғабылов А.Е.</b> ИССЛЕДОВАНИЯ, ПРОВЕДЕННЫЕ ШИЛИКТИ - ТАРБАГАТАЙСКОЙ АРХЕОЛОГИЧЕСКОЙ ЭКСПЕДИЦИЕЙ В 2019 ГОДУ НА МОГИЛЬНИКЕ ЕЛЕКЕ САЗЫ.....	347
<b>Хасенова Б.М.</b> ГЕНДЕР В КИМАКСКОМ ОБЩЕСТВЕ ПО ДАННЫМ АРХЕОЛОГИИ.....	353

## CONTENTS

<b>Abdrakhim M., Tuleshova U.</b> QUESTIONS OF “RANK” AND AWARDS OF THE RUSSIAN EMPIRE IN THE KAZAKH ORAL FOLK.....	5
<b>Akhtayeva N.S., Paruch K.I.</b> PSYCHOLOGICAL CONSULTING OF ATHLETES IN CRISIS SITUATIONS USING STATISTICAL DATA CALCULATIONS IN THE SPSS-STATISTICS PROGRAM.....	12
<b>Baigapanova A.B., Adilbayeva A.S.</b> COVERING THEFRONT DEMANDS BY THE RURAL POPULATION OF THE SEMIPALATINSK REGION.....	19
<b>Baltabayeva K.</b> ABULKHAIR MUKHAMET GAZI BAKHADUR-KHAN.....	33
<b>Beysegulova A.K.</b> THE ROLE OF LANGUAGE IN PRESERVING ETHNIC IDENTITY.....	45
<b>Bekzhan O.D.</b> THE VALUES OF THE ANCIENT TURKIC RUNIC LETTERS, WHERE THE WRITTEN WORD KASSAK.....	50
<b>Heydarov A.</b> THE SOUTH CAUCASUS POLICY OF RSFSR ON THE EVE OF THE USSR ESTABLISHMENT AND DIFFERENCES IN THIS DIRECTION.....	57
<b>Zhailybayev D.Zh.</b> DEVELOPMENT OF SMALL AND MONO CITIES OF TURKESTAN REGION.....	63
<b>Zhanakova N.T.</b> KALI BILALOV – TALENTED ORGANIZER OF EDUCATION IS IN COUNTRYS.....	68
<b>Zharkynbayeva R., Baizhanova S.</b> FEATURES OF THE DEVELOPMENT OF THE HIGHER EDUCATION SYSTEM OF THE REPUBLIC OF UZBEKISTAN.....	73
<b>Zhumataev R.S., Kozhabekova Zh.B.</b> SOME ASPECTS OF WORLDVIEW RELATED TO HORSES AT TURK-MONGOLIAN PEOPLES.....	82
<b>Ibraeva A.</b> ZHAKHANSHA DOSMUKHAMEDOV – THE AMBITIOUS ACTOR OF THE ALASH MOVEMENT.....	91
<b>Ibraeva A.</b> AKHMET BIRIMZHANOV – THE OUTSTANDING REPRESENTATIVE OF THE ALASH INTELLIGENTSIA.....	101
<b>Kazhenova G.</b> THE RESISTANCE OF THE POPULATION TO THE POLICY OF WAR COMMUNISM IN NORTHERN KAZAKHSTAN.....	111
<b>Karibaev B.</b> JANIBEK KHAN.....	120
<b>Karibaev B.</b> KEREY KHAN.....	133
<b>Kulshanova A.A.</b> THE LATEST METHODOLOGICAL APPROACHES TO THE NATIONAL POLICY OF THE BOLSHIEVKS IN THE PERIOD OF THE TOTALITARIAN STATE FORMATION.....	150
<b>Kalybekova M.Ch.</b> FORCED RESETTLEMENT OF PEOPLES TO KAZAKHSTAN AS A FORM OF REPRESSIVE POLICY OF THE USSR (1937-1945).....	154
<b>Kalshabayeva B.K., Shakenov S.T., Ergabylov A.E.</b> WORLDVIEW OF THE POPULATION OF KALBA-NARYM FOOTHILLS IN THE BRONZE AGE (BASED ON BURIAL MATERIALS).....	163
<b>Koigeldiyev M.</b> MAGZHAN ZHUMABAYEV: MANIFESTO OF A NATIONAL WRITER.....	170
<b>Koigeldiyev M.</b> YESMAGAMBET ISMAILOV: I PUT LITERATURE ABOVE ALL MY INTERESTS!.....	192
<b>Korabay S.</b> A «STORY ABOUT WISE HIKAR» IS ARMENIAN WRITING KIPCHAK MONUMENT OF MIDDLE AGES.....	226
<b>Maidanali Z.</b> MODERN SCIENTIFIC PARADIGMS AND TRENDS IN THE STUDY OF TÖRE AND YASY CHINGISKHAN.....	232



<b>Mamedzade U.K.</b>	
REPUBLIC OF AZERBAIJAN AS A GUARANTOR OF PEACE AND STABILITY IN THE REGION.....	238
<b>Mamirov T.B., Klyshev E.E.</b>	
ABOUT THE STONE AGE SITES OF OYSYLKARA (AKTOBE REGION): PRELIMINARY REPORT.....	247
<b>Moldabayeva D.J., Maratulu T.</b>	
THE EASTERN POLICY OF QARAKHANID STATE IN X-XI CENTURIES:THE WARFARE BETWEEN KOCHO KINGDOM OF UYGHURS AND THE INVASION OF KHOTAN.....	254
<b>Murgabayev S.S.</b>	
IMAGES AND TAMGI OF THE EARLY TURKISH PERIOD IN KARATAU PETROGLYPHS.....	262
<b>Mukhitov K.</b>	
THE HISTORY OF THE RAILWAY GURYEV-KANDAGASH CONSTRUCTION.....	282
<b>Omarova G.</b>	
THE SORROWS OF ALGERIA IN THE MEMORIES OF MOTHERS-PRISONERS.....	289
<b>Ospangaliev K.A.</b>	
SOCIO-POLITICAL SITUATION IN EAST KAZAKHSTAN ON THE EVE OF THE ALL-RUSSIAN CONSTITUENT ASSEMBLY.....	297
<b>Saurykova Zh.</b>	
EXCESSES AND DISTORTIONS IN THE PROCESS OF COLLECTIVIZATION AND DISPOSSESSION IN KAZAKHSTAN.....	309
<b>Smagulov B.</b>	
MILITARY-POLITICAL ACTIVITY OF TONYUKUK IN THE PERIOD OF SECOND TURKIC QAGHANATE (VII - VIII CENTURIES).....	318
<b>Sultangalieva G.S., Anuarov N.T.</b>	
ORENBURG CADET CORPS AND KAZAKH OFFICERS IN THE XIX CENTURY.....	330
<b>Tashkaraeva A.</b>	
ABU-L-GHAZI BAHADUR KHAN: LIFE AND PUBLIC ACTIVITIES.....	338
<b>Toleubaev A.T., Zhumatayev R.S., Shakenov T., Ergabilov A.E.</b>	
RESEARCH WORK CARRIED OUT BY THE SHILIKTY-TARBAGATAI ARCHAEOLOGICAL EXPEDITION IN 2019 AT THE YELEKE SAZY NECROPOLIS.....	347
<b>Khasenova B.M.</b>	
GENDER IN THE KIMAK SOCIETY ACCORDING TO DATA OF ARCHEOLOGY.....	353

## **EDU.E-HISTORY.KZ**

электрондық ғылыми журналы 2019. 4(20)

*Бас редактор:*  
Қабылдинов З.Е.

*Компьютерде беттеген:*  
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 15.12.2019.  
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

*Құрылтайшысы және баспагері:*  
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті  
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты  
ШЖҚ РМК

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*  
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй  
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты  
ШЖҚ РМКТел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: [edu.history@bk.ru](mailto:edu.history@bk.ru).  
Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:  
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй